



БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

30 Сәуір 2015 г.

Қазақстандағы зарарлы ластанулар: ЕО қаржыландыратын жоба адам денсаулығына қауіптілікті азайту мақсатында ауқымды ластанған жерлер үшін шешу жолдарын ұсынады.

ҚАРАҒАНДЫ / ПРАГА– 2015 жылғы 30 сәуір, ЭкоМұражай мен CINEST қазақстандық мемлекеттік емес ұйымдарының мамандары және олардың серіктестері болып келетін Чехия Республикасы, Прага, «Арника» мен химиялық-технологиялық университеті мамандары ЕО тарапынан 247,834 евро көлеміндегі грантпен қаржыландырылған «Қазақстан Республикасында химиялық қауіпсіздікті жақсарту бойынша азаматтық қоғам құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту» атты екі жарым жылдық біріккен жобаларының қорытындысын ұсынды (3).

Топырақ, өзен тұнбасы, балық және тауық жұмыртқасы үлгілерінің 150-ден астам сынаамасы құрамындағы зарарлы химикаттарға, соның ішінде ауыр металдар мен диоксиндер мен полихлорланған бифенилдер сияқты тұрақты органикалық ластағыштарға (1) талданды. Жоба Орталық және Шығыс Қазақстанда жеті орында (2) ластану жайлы жаңа мәліметтерді анықтауға және жергілікті қоғамдастықтың ақпаратқа қолжетімділігі пен мәселелерді шешу жолын қадағалауына тиісті қолдауға бағытталған еді.

Химиялық талдаулар бірнеше учаскелерде маңызды ластанулардың орын алғанына көз жеткізді, бұл ауыз су немесе тағам өнімдері сапасына ықпал етуі және жергілікті тұрғындар денсаулығына қауіп төндіруі әбден мүмкін. Халықаралық сарапшылар Балқаш, Теміртау қалалары, Нұра өзені, Глубокое кенті және Степногорск қаласы сияқты жерлердегі ластану мәселесін шешу жолдарын ұсыну үшін шақырылды. Ұлттық және жергілікті билік органдары, сонымен қатар азаматтық қоғам өкілдері Қарағанды қаласында кеше өткен конференцияда қорытындыларды талқылады. Екі жарым жыл жалғасқан жоба барысында 41 семинар, дөңгелек үстел мен көпшілік дебаттар ұйымдастырылды, оған мемлекеттік және жергілікті билік органдары, өнеркәсіп, ғылым және азаматтық қоғам өкілдерінен 1456 адам қатысты. Қарағандыдағы қоғамдық консультациялық орталық азаматтарға 491 консультация ұсынып, 430 оқушы мен студентке дәріс ұйымдастырды. Азаматтық қоғамның жергілікті бес ұйымы туған қалаларында химиялық қауіпсіздікті арттыру мақсатындағы өз әрекеттерін қолдау үшін шағын гранттармен марапатталды.



Бұл жоба Арника ұйымымен іске асырылады

Arnika – Toxics and Waste Programme, Chlumova 17,
130 00 Prague 3
The Czech Republic
Tel./fax: +420 222 781 471
e-mail: arnika@arnika.org

Серіктестер: EcoMuseum
Karaganda, CINEST



Бұл жоба Еуропа Одағының Қазақстан Республикасындағы өкілдігімен қаржыландырылады
Космонавтов көш., 62 үй
Астана 010000
Тел.: (7172) 97-10-40
Факс: (7172) 97-95-63



Еуропа Одағы өздерінің технологияларын, ресурстары мен тағдырларын біртіндеп бірлестіруге шешкен 27 мүше мемлекеттермен құрылған. 50 жылға созылған бірігу барысында олар бірлесіп тұрақтылық, демократия мен тұрақты даму аймағын құрып, сонымен бірге мәдени түрлілігін, төзімділік пен жеке бостандықтарын сақтады. Еуропа Одағы шекарасынан тыс барлық елдер мен халықтармен өз жетістіктері мен құндылықтарымен бөліседі.



«Азаматтары ластанған су, ауа және тағам өнімдерінен зардап шегіп отырғанда, Қазақстан гүлденіп, «жасыл экономикаға» көше алмайды. Елімізде бір қатар бұрыннан шешілмеген экологиялық мәселе бар, алайда көптеген өнеркәсіптік компаниялардың немқұрайлы әрекетінен жаңа қауіптер орын алуда. Бірігіп жасаған жобамыздың қорытындысы бұл мәселелерді шешуге көмектеседі деп санаймыз», - Қарағанды ЭкоМұражайының директоры Дмитрий Калмыков.

Йиндржих Петрлик, Чехиялық Арника директоры – зарарлы заттар мен қоқыстар бағдарламасы, «Ластанған жерлерді қалпына келтірудің жаңа экологиялық таза технологияларға дайындық, ақпаратқа қол жетімділік және қоғамдастық пен мемлекет ынтымақтастығы жобамыздың шегінде басымдыққа алған жақсы шешімдердің алғышарты болып табылады. Еуропалық елдер тәжірибесі Қазақстанға қоршаған орта мен қоғамдық денсаулықты қорғау және экономикалық даму арасындағы тепе-теңдікті табуға көмектеседі деп санаймыз» деп айтты.

Ескертулер:

(1) Тұрақты органикалық ластағыштар (ТОЛ) қоршаған ортада қалып, адам мен жануарлар денсаулығына зиян келтіретін, кең ауқымды зарарлы ұлануға себеп болатын заттардың үлкен тобы болып табылады. Қосымша ақпаратты алу үшін қараңыз:

http://en.wikipedia.org/wiki/Persistent_organic_pollutant

(2) Іс Балқаш, Екібастұз, Дарьял-У, Теміртау, Нұра өзені, Глубокое кенті және Степногорск қаласына жетеді.

(3) Қосымша ақпаратты алу үшін қараңыз: <http://english.arnika.org/kazakhstan>

Қосымша ақпарат үшін: **Вратислав Возник** (Арника), vratislav.voznik@arnika.org, моб. +420 606 727 942, тел./факс +420 222 781 471, **Алена Панкова** (жобаның Қазақстандағы үйлестірушісі), a7pankova@gmail.com, моб. +7 701 538 4917, тел./факс +7 721 241 3344, немесе Қазақстан Республикасындағы ЕК Өкілдігінің жұртышылықпен байланысы бойынша жауапты **Карла Жаманкулова** karlygash.jamankulova@ec.europa.eu электрондық пошта арқылы хабарласуларыңызды өтінеміз.



Бұл жоба Арника ұйымымен іске асырылады

Arnika – Toxics and Waste Programme, Chlumova 17, 130 00 Prague 3 The Czech Republic
Tel./fax: +420 222 781 471
e-mail: arnika@arnika.org

Серіктестер: EcoMuseum
Karaganda, CINEST



Бұл жоба Еуропа Одағының Қазақстан Республикасындағы өкілдігімен қаржыландырылады
Космонавтов көш., 62 үй
Астана 010000
Тел.: (7172) 97-10-40
Факс: (7172) 97-95-63



Еуропа Одағы өздерінің технологияларын, ресурстары мен тағдырларын біртіндеп бірлестіруге шешкен 27 мүше мемлекеттермен құрылған. 50 жылға созылған бірігу барысында олар бірлесіп тұрақтылық, демократия мен тұрақты даму аймағын құрып, сонымен бірге мәдени түрлілігін, төзімділік пен жеке бостандықтарын сақтады. Еуропа Одағы шекарасынан тыс барлық елдер мен халықтармен өз жетістіктері мен құндылықтарымен бөліседі.

